

Сапа бақылау бөлімі химиялық бақылау зертханасының шебер бақылаушысы

БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

Сапаны бақылау бөлімінің химиялық бақылау зертханасының шебер-бақылаушысы мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

- білімі – тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары білім (химиялық, фармацевтикалық, биологиялық) және химиялық зертханада кемінде 1 жыл жұмыс өтілі болуы қажет.

ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ

- Микроорганизмдерді өсіруге арналған қоректік орталарды дайындауды және өндірістік процестің барлық кезеңдерінде белгіленген микробиологиялық режимнің сақталуын бақылайды;
- Ферментация технологиясындағы нормадан ауытқуларға жол бермейді, өндірістік процестердегі нормадан ауытқуларды анықтайды және оларды жою бойынша нұсқаулықтар береді;
- Материалдарды сынақтан өткізу арқылы тексеру жұмыстарын жүргізеді, өңдеуді қадағалайды және олардың құйылуға немесе жөнелтілуге дайын екендігі туралы қорытынды береді;
- Негізгі және қосалқы цехтардың тиісті санитарлық жағдайын қамтамасыз етуді цех басшыларынан жүйелі түрде тексереді және талап етеді. Цехтардың уақтылы санитарлық тексерісін қадағалайды;
- Өндірістік зертхана басшысына және кәсіпорынның техникалық басшылығына процестердің дұрыс жүргізілмеуі және технология мен санитариядағы барлық бұзушылықтар туралы уақтылы хабарлайды;
- Жұмыс орнында дені сау және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Еңбек қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы ережелер мен нормаларды сақтайды;
- Серіктестік басшылығының тапсырмасы бойынша басқа да әрекеттерді жүзеге асырады;
- Еңбек қорғау бойынша нұсқаулықтарды, технологиялық нұсқаулықтарды, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, тікелей басшының ауызша және жазбаша нұсқауларын орындайды;
- Белгіленген тәртіпте мерзімдік медициналық тексеруден өтеді;
- Еңбек қорғау бойынша оқудан өтеді және кейіннен білімін тексеруден өтеді;
- Мемлекеттік сатып алу бойынша тауарлар, жұмыстар және қызметтерге өтінімдерді белгіленген тәртіппен ұсынады, жеткізу мерзімдерін және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сәйкестігін бақылайды;
- Серіктестіктің басқа қызметкерінің міндеттерін оның жоқтығы кезінде уақытша орындайды (демалыс, уақытша еңбекке жарамсыздық парағы және т.б.);
- Тікелей басшының тапсырмаларын орындап, Серіктестік басшылығының басқа да тапсырмаларын жүзеге асырады;
- Еңбек міндеттерін келісімшарттарға, еңбек және ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындайды;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтерді жоспарлау мен өткізуге арналған техникалық сипаттамаларды дайындау, баға мониторингін жүргізу және құжаттарды дайындау үшін жауапты болады.